

## Ақжар ауылдық округінің Жазық бекетінің көшелеріне атаулар беру туралы

Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Ақжар ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 15 желтоқсандағы N 24 шешімі. Ақтөбе облысының Хромтау аудандық әділет басқармасында 2008 жылдың 24 желтоқсанда N 3-12-73 тіркелді.

Ескерту. Шешімнің атауы жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Ақжар ауылдық округі әкімінің 17.07.2015 № 51 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Шешімнің реквизиттері мен бүкіл мәтіні бойынша "селолық" сөздері тиісінше "ауылдық" сөзімен ауыстырылды - Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Ақжар ауылдық округі әкімінің 17.07.2015 № 51 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабына, сондай-ақ Ақжар ауылдық округінің Жазық бекетінің тұрғындарының 2008 жылғы 15 желтоқсандағы конференциясының хаттамасына сәйкес, Ақжар ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Ақжар ауылдық округі әкімінің 28.11.2017 № 61 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Ақжар ауылдық округіне қарасты Жазық бекетінің атауы жоқ көшелеріне:

- 1) N 1 атауы жоқ көшесіне – Теміржолшылар көшесі деген атау берілсін;
- 2) N 2 атауы жоқ көшесіне – Тәуелсіздік көшесі деген атау берілсін;
- 3) N 3 атауы жоқ көшесіне – Бірлік көшесі деген атау берілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақжар ауылдық  
округінің әкімі:

С.Сағымбаев